20694629169

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 04 қантар № 5165-23-00-2/2974 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметовтың,
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуында, ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Жамила Жекебаевна Жингилбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Келісім-шартты бұзу
2. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Б. Балкибеков
Талап қоюшының өкілі Р.С. Тулетаев
Жауапкердің өкілі Ж. Жингилбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында 2023 жылғы 01 қыркүйек № 14 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт (әрі қарай Келісім-шарт) түзілген.

Келісім-шарттың № 1 қосымшасына сай, орындау мерзімі: 20 қыркүйекке дейін болып, 1-дана термопринтер бағасы 45 000 теңгеге және 1-дана планшет бағасы 172 000 теңгеге тауарларын талап қоюшыға жеткізуге жауапкер міндеттеме алған.

2023 жылғы 10 қыркүйекте жауапкермен жеткізілген тауарлардың келісім-шартта көзделген техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтіні туралы (планшет пен термопринтер туралы) № 1 Акті түзілген.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.02.2024
5165-23-3-1/3218

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге 2023 жылғы 18 қыркүйекте веб портал арқылы тауарларды техникалық ерекшелікке сәйкес 2023 жылдың 20 қыркүйекке дейін жеткізу жөнінде хабарлама жолданған.

Талап қоюшымен 2023 жылғы 27 қыркүйекте және 04 қазанда веб портал арқылы қайталап тауарларды жеткізу және орындалмаған жағдайда сотқа жүгінетіні туралы хабарламалар жолданған.

Талап қоюшы Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі сотқа жоғарыда көрсетілгендей талап қоюын беріп, онда тараптар арасында келісім-шарт түзілгенін, жауапкер жеке кәсіпкер Жамила Жекебаевна Жингилбаеваны тауарды жеткізбегені үшін 2023 жылдың 01 қыркүйектегі № 14 санды келісім-шарт бұзуды және мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды сұраған.

Жауапкер сотқа жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшы өкілі Р.С. Тулетаев талапты толық қолдап, оны талап қоюда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі Ж.Жингилбаев талапты мойындамай, жеткізілген тауарлардың техникалық ерекшеліктен айырмашылығы шамалы екенін, өзінің жеткізген тауарларын талап қоюшы қабылдамаған соң, басқа жерге өткізіп жібергенін атап өттіп, соттан талап қоюды қанағаттандырудан бастартуды сұраған.

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берген.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 401-бабының 1,2-бөліктерінде егер осы Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады деп көзделген.

АК-нің 402 бабының 2-бөлігіне сәйкес шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.02.2024
5165-23-3-1/3218

Сотта анықталғандай, тараптар арасында келісім-шарт түзіліп, жауапкер талап қоюшыға 1-дана термопринтер бағасы 45 000 теңгеге және 1-дана планшет бағасы 172 000 теңгеге тауарларын жеткізуге міндеттеме алған.

Жауапкер талап қоюшыға тауарларды жеткізіп, 2023 жылғы 10 қыркүйекте № 1 (планшет пен термопринтер туралы) Акті түзіліп, жауапкермен жеткізілген тауарлардың келісім-шартта көзделген техникалық сипаттамаларға сәйкес келмейтіні туралы анықталған.

Талап қоюшы жауапкерге келісім-шартта көзделген техникалық ерекшеліктерге сәйкес тауарларды 2023 жылғы 20 қыркүйекке дейін жеткізу қажет екені туралы хабарлаған.

Өз кезегінде, сотта жауапкердің өкілі тауарларды алып кетіп, қайтадан тауарларды жеткізбегенін, сондай-ақ алып кеткен тауарларды басқа тұлғаларға бергенін атап өткен.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының келісім-шарт орындалмауына байланысты бұзу туралы хабарламаны жауапкерге жолдағанын ескеріп, тараптардың ұсынған дәлелдемелерінің жиынтығына баға беріп, АК-нің 402-бабының 2-бөлігінің талабына сәйкес талап қоюшының келісім-шартты бұзу туралы талабын негізді деп санап, қанағаттандыруға жатады деп табады.

№ 2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әрі-қарай Заң) 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, талап қоюшы мен жауапкер арасында Келісім-шарт түзілген, дегенмен жауапкер Келісім-шарт бойынша техникалық ерекшеліктерге сай келетін тауарды талап қоюшыға

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.02.2024
5165-23-3-1/3218

жеткізбей, өз міндеттемесін орындамаған, бұл мәселе іске тігілген 2023 жылғы 10 қыркүйекте № 1 (планшет пен термопринтер туралы) Актімен, талап қоюшының жауапкерге келісім-шарт бойынша тауарларды жеткізу туралы хаттарымен және істегі басқа да құжаттарымен толық дәлелденеді.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (әрі қарай-АПК) 72-бабына сай әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде, жауапкердің өкілі сотқа талап қоюшының талаптарын жоққа шығаратын дәлелдемелер табыс етпеді.

Осыған орай, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж 3 450 теңгені өндіру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Арыс қаласы «Ақдала ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер Жамила Жекебаевна Жингилбаева арасында түзілген 2023 жылдың 01 қыркүйектегі № 14 санды келісім-шарт бұзылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жамила Жекебаевна Жингилбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Жамила Жекебаевна Жингилбаевадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 3 450 (үш мың төрт жүз елу) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.02.2024
5165-23-3-1/3218

алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 10.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.02.2024, судья Мырзахметов К. Ш., 15.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5165-23-3-1/3218